

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Kazakh national pedagogical university after Abai

ХАБАРШЫ

«Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы,
Серия «Исторические и социально-политические науки»,
Series «Historical and socio-political sciences»

№2(65), 2020

Алматы 2020

21 Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев: ОДКБ после раз渲ала СССР создавался как договор о коллективной безопасности. Организация ничего общего не имела с идеологическими противостояниями времен холодной войны [Электрон. ресурс]. - 2017. - URL: [https://odkbcsto.org/25years/news/prezident_kazakhstan_nursutan_nazarbaev_odkb_posle_razvala_sssr_s_ozdavalsya_kak_dogovor_o_kollekti/](https://odkbcsto.org/25years/news/prezident_kazakhstan_nursultan_nazarbaev_odkb_posle_razvala_sssr_s_ozdavalsya_kak_dogovor_o_kollekti/) (дата обращения 8.01.2020).

22 Выступление Президента Республики Казахстан Нурсултана Назарбаева на 47-й сессии ГА ООН [Электрон. ресурс]. - 2017. - URL: http://www.scica.kz/page.php?page_id=364&lang=2&parent_id=835 (дата обращения 8.01.2020)

23. Statement by H.E. Mr. Shin Kak-soo, Vice Minister for Foreign Affairs of the Republic of Korea OH [Электрон. ресурс] - 2017. - URL:http://www.s-cica.kz/page.php?page_id=108&lang=1 (дата обращения 9.01.2020)

24. Назарбаев предложил площадку для переговоров КНДР и Южной Кореи [Электрон. ресурс]. - 2019. - URL: <https://ru.sputniknews.kz/politics/20191112/12012706/nazarbaev-peregovory-kndr-korea.html> (дата обращения 9.01.2020)

**ГРНТИ 03.01.17
ӘӨЖ 930.003**

**«БІР БЕЛДЕУ – БІР ЖОЛ» ЖОБАСЫ МЕН ЕРКІН ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЙМАҚТАР
«ҚЫТАЙ АРМАНЫН» ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ҚҰРАЛЫ РЕТИНДЕ**

Арзыкулов А.А.¹ Шарыпказы Н.² Оразбекова А.Р.³

¹*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

²*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

³*Tүран университеті*

Аңдатта

Мақалада авторлар ҚХР-ның бүгінгі даму барысында алға ұстап отырған «Қытай арманы» саясатын жүзеге асырудың амалдарының бірі ретіндегі «Бір белдеу-бір жол» жобасын жүзеге асыру, сол арқылы жаңа еркін экономикалық аудандар құру жағдайына тоқталады. Өте кең ауқым мен әлеуетті қамтитын «Бір белдеу-бір жол» стратегиясы осы мақсатты жүзеге асыру үшін үшін таптырмас құрал болып табылады. Жаңа белдеу бойында құрылатын еркін экономикалық аймақтар ҚХР экономикасы үшін өте тиімді жағдай туғызып, қытайлық «жұмсақ күшті» де жүргізуге үлкен мүмкіндіктер береді. Авторлар сондай-ақ атаптаң шаралардың көрші аймақтарға, әсіресе Қазақстан Республикасына ықпалы мен әсеріне талдау жасайды.

Түйін сөздер: «бір белдеу-бір жол», еркін экономикалық аймақтар, «қытай арманы», «жаңа норма», «жұмсақ күш».

A. A. Arzykulov¹ Sharypkazy N.² Orazbekova A. R.³

¹*Al-Farabi Kazakh National university*

²*Al-Farabi Kazakh National university*

³*Turam University*

**ONE BELT-ONE WAY PROJECT AND FREE ECONOMIC ZONES AS TOOLS TO REALIZE
THE "CHINESE DREAM"**

Abstract

In the article, the authors salute the promotion of the project "One Belt-One Way" and the creation of free economic zones along it as one of the opportunities to implement the policy "Chinese Dream" promoted by the PRC. The huge expanses and potentials covered by the One Belt-One Way strategy can be just right for this purpose. Free economic zones created along the new route will be very beneficial to the Chinese

economy, will also serve to promote Chinese "soft power." The authors also analyze the effects and risks of this event on neighboring regions, especially on the Republic of Kazakhstan.

Keywords: "One belt-one way," free economic zones, "Chinese dream," new norm", "soft power."

Арзыкулов А.А.¹ Шарыпказы Н.² Оразбекова А.Р.³

¹КазНУ имени Аль-Фараби

²КазНУ имени Аль-Фараби

³Университет Туран

ПРОЕКТ «ОДИН ПОЯС – ОДИН ПУТЬ» И СВОБОДНЫЕ ЭКОНОМИЧЕСКИЕ ЗОНЫ КАК ИНСТРУМЕНТЫ ОСУЩЕСТВЛЕНИЯ «КИТАЙСКОЙ МЕЧТЫ»

Аннотация

В статье авторы рассмаивают продвижение проекта «Один пояс-один путь» и создание вдоль нее свободных экономических зон как одну из возможностей осуществления политики «китайская мечта» пропагандируемая КНР. Охватываемый огромные просторы и потенциалы стратегия «Один пояс-один путь» может как раз подходит для этой цели. Свободные экономические зоны, создаваемые вдоль нового маршрута будут очень выгодны для китайской экономики, также послужат для продвижения китайской «мягкой силы». Авторы также анализируют влияния и риски данных мероприятий на соседние регионы, особенно на Республику Казахстан.

Ключевые слова: «Один пояс-один путь», свободные экономические зоны, «китайская мечта», «новая норма», «мягкая сила».

ҚХР билігіндегі «бесінші буын» өкілдері саналатын Си Цзиньпин бастаған ҚХР басшылығы халықаралық аренада қытайлық мұдделердің кеңейтуге белсенде қолдау көрсетіп, Қытайға негізгі рөл беретін ортақ жобалардың құрудың бастамашысы болып отыр. Олардың алдына қойып отырған «Қытай арманын» жүзеге асыру болашаққа арналған теориялық міндеттер мен жоспарларға толы және ол әлі де практика жүзінде іске асырылады. ҚХР-ның қазіргі басшылығының ең өзекті және орасан зор идеяларының бірі «Бір белдеу- бір жол» стратегиясы болып табылады [1].

«Бір белдеу-бір жол» - бұл Қытай үкіметінің «Жібек жолының экономикалық белдеуі» және «XXI ғасырдың теңіз Жібек жолы» секілді екі ірі жобаның дамуы мен өзара әрекеттестігін білдіретін бастамасының бірі. Екі жоба да еуразиялық елдердің интеграциясын дамытуға бағытталған.

«Жібек жолының Экономикалық белдеуін» (ЖЖЭБ) қалыптастыру идеясын ҚХР төрагасы Си Цзиньпин алғаш рет Қазақстанға мемлекеттік сапары кезінде Астанадағы Назарбаев Университетінде 2013 жылдың қыркүйек айында ұсынды. Қытай мен орталықазиялық елдердің жалпы стратегиялық мақсаты бір – ол тұрақты даму және экономикалық өркендеу. Қытай көшбасшысы «практикалық өзара іс-қимылды жан-жақты нығайту» және «саяси диалогтың, географиялық жақындықтың және экономикалық өзара толықтырудың артықшылықтарын ынтымақтастық, тұрақты өсу, өзара пайда мен жалпы ұтыстың негізінде мұдделердің ортақтығын құру артықшылықтарына айырбастау» қажеттігін атап өтті. Осыған байланысты Си Цзиньпин еуразиялық кеңістіктегі ынтымақтастықтың жаңа үлгілерін пайдалануға, ортақ күш-жігермен «Жібек жолының экономикалық белдеуін» қалыптастыруға шақырды және осы үшін қажетті негізгі шараларды ұсынды. Ең алдымен, өнірлік экономикалық интеграцияны ілгерілету мақсатында мемлекеттердің саяси өзара іс-қимылын қүшету қажеттігін атап өтті.

«Бір белдеу-бір жол» жобасы әртүрлі елдер мен мәдениеттердің аумағы арқылы өтетіндігін және интеграция үдерісі табысты болуы үшін саяси ерік қажеттігі ескерілуі тиіс. Бірыңғай қатынас желісінің құрылышын жеделдештеп қажет, бұл Тынық мұхиттан Балтық теңізіне дейінгі көлік магистралін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл бөлік негізгі бөлігі болып табылады. Дәл осы қажетті көлік инфрақұрылымының болуы сауда ынтымақтастығын толық көлемде іске асыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жобаның басты артықшылықтарының бірі - ол көбінесе дамыған емес аймақтарды қамтып, инвестиция тартуға қызмет етеді.

Өнірдегі экономикалық дамудың жылдамдығы мен сапасын арттыру мақсатында түрлі кедергілерді жою бағдарламасын әзірлең, сауда байланыстарын және инвестициялық ынтымақтастықты нығайту қажет. Сондай-ақ, бұл үшін маңызды аспектілердің бірі – «Жібек

жолының экономикалық белдеуінің» дамуына қарай капитал қозғалысының жылдамдығын арттыру үшін банктік қызмет көрсету жүйесін қалыптастыру. Ағымдағы және құрделі операциялар бойынша есептеулерде ұлттық валюталарды қолдануды кеңейту: бұл ақша шығындарын азайтады, елдердің қаржы жүйелерін қоргайды, сондай-ақ өнірлік экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттырады. «Өнірлік ынтымақтастықты дамытуға қажетті әлеуметтік базаны қамтамасыз ету» үшін гуманитарлық ынтымақтастықты нығайту, халықтар арасындағы өзара түсіністік пен достыққа ықпал ету кажет.

Қытайдың еркін сауда аймағындағы ашық есік саясаты 11 аймағындағы жүргізіліп келген еді. XIX съезд баяндамасында ол бүкіл елге таратылатынына уәде берілді. Баяндамада айтылғандай: Қытайдың ашық есік саясаты жабылмайды, керісінше кең тарапады. «Бір белдеу- бір жол» бастамасын іске асыруға баса назар аудара отырып, сыртқы сауданы кеңейту, шаруашылық қызметтің жаңа түрлерін және сауда саласындағы жаңа модельдерді шығару есебінен Қытайды толыққанды сауда державасына айналдыру жұмысын қарқынды жылжыту керек. Сыртқы әлемге ашықтықты кеңейту және нарықка қолжетімділікті молайту, шетел инвесторларының заңды құқықтары мен мұдделерін қорғау керек. Қытай жеріндегі барлық кәсіпорындарға тең құқықтық қатынасты қамтамасыз ету керек.

2015 жылдың наурыз айында ҚХР Мемлекеттік кенесінің тапсырмасы бойынша даму және реформалар істері жөніндегі мемлекеттік комитет, сыртқы істер министрлігі және Қытай сауда министрлігі «XXI ғасырдың Жібек жолы мен Теніз Жібек жолының экономикалық белдеуін бірлесіп құру жөніндегі тамаша перспективалар мен практикалық іс-қимылдар» атты құжатты жариялаган еді. Құжат «Бір белдеу-бір жол» тұжырымдамасын іске асыруға ықпал етуге бағытталған, онда «Қытайдың сыртқы әлемге ашықтығын кеңейтуге және Азия, Еуропа және Африка елдерімен өзара тиімді ынтымақтастықты нығайту қажеттілігі» көрсетілген [2].

Құжатта жобаны іске асыру жөніндегі ұсыныстар жалпы сипатқа ие болды, ал елдер ынтымақтастырының басымдықтары ретінде Си Цзиньпин бұрын ұсынған бес тармақ атап өтілді: саяси үйлестіру, инфрақұрылымның өзара байланысы, сауданы ырықтандыру (либерализация), капиталдың еркін қозғалысы және халықтар арасындағы өзара түсіністік нығайту. «Бір белдеу және бір жол» құрылышының негізгі қағидаттары БҰҰ Жарғысының қағидаттары мен мақсаттарын және бейбіт қатар өмір сүрудің бес қағидаттарын қатаң сақтау болып табылады.

«Бір белдеу- бір жолды» дамыту жоспары шынымен әсерлі көрінеді. «Жібек жолының экономикалық белдеуінің» негізгі бағыттары:

- Қытайдан Орталық Азия, Ресей арқылы Еуропаға (Балтық теңізіне дейін);
 - Қытайдан Орталық Азия мен Батыс Азия арқылы Парсы шығанағы мен Жерорта теңізіне дейін;
 - Қытайдан Оңтүстік-Шығыс Азияға, Оңтүстік Азияға, Үнді мұхитына дейін.
- «XXI ғасырдағы Теніз Жібек жолының» негізгі бағыттары:
- Оңтүстік Қытай теңізі арқылы Қытай теңіз порттарынан Үнді мұхитына және Еуропаға дейін;
 - Қытай порттарынан Оңтүстік Қытай теңізі арқылы Тынық мұхитының оңтүстігіне дейін.

Көрсетілген бағыттарда экономикалық ынтымақтастықтың халықаралық дәліздерін қалыптастыру жоспарлануда: «Қытай-Монголия-Ресей», «Қытай-Орталық Азия-Батыс Азия», «Қытай-Үндіқытай», «Қытай-Пәкістан» және «Бангладеш-Үндістан-Мьянма-Қытай» дәліздері.

Құжатта инфрақұрылымды дамыту, өнеркәсіп салаларына инвестиция салу, табиғи ресурстарды игеру, сауда-экономикалық және қаржылық ынтымақтастық, гуманитарлық алмасу, қоршаған ортаны қорғау және теңіздең өзара іс-қимыл саласындағы міндеттер белгіленген.

Өнірдегі ынтымақтастықты кеңейтудің негізгі аспектісі ретінде Шанхай Үнитымиқтастық Ұйымы (ШҮҰ), Қытай-АСЕАН («10+1» форматы), Азия-Тынық мұхиты экономикалық ынтымақтастығы (АТӘІ), «Азия-Еуропа» форумы (АСФ), Азиядағы ынтымақтастық жөніндегі Диалог, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес, қытай-араб ынтымақтастығы форумы, Қытай – Парсы шығанағы араб мемлекеттері арасындағы Үнитимиқтастық Кеңесі, Орталық Азия өнірлік экономикалық ынтымақтастығы (ОАӘӘ) қарастырылған.

Осылайша, «Жібек жолының экономикалық белдеуі» жобасына қатысты бөлігінде, ежелгі уақытта Қытайдан тауар келген тарихи бағыт бойындағы Еуразия кеңістігіндегі ҚХР сыртқы экономикалық қызметін жаңдандыру бағдарламасы туралы сөз болып отыр. Қытай саясаттанушылары «Жібек жолының экономикалық белдеуі» құру идеясы ҚХР үшін жаңа идея болып табылмайтынын атап өтті. Соңғы онжылдықтарда елдің көптеген басшылары көне «Жібек

жолын» қалпына келтіруге шақырды, алайда Си Цзиньпин бұл бастаманы ресми деңгейге алғаш рет ұсынды [3].

«Бір белдеу - бір жол» іс жүзінде жүзеге асырылған жағдайда, Қытай Халықаралық экономикалық жүйедегі өз рөлін күштейтеді. Сонымен қатар Еуразия арқылы сауда бағытын ашу ҚХР-га оңтүстік Қытай теңізі мен Малакка бұғаздары арқылы өтетін көлік жолдарына тәуелділікті айтарлықтай төмendetуге мүмкіндік береді. «Бір белдеу - бір жол» Азия-Тынық мұхиты өніріндегі АҚШ-тың әсерін айналып өтуге және АТА-дан тыс көпжақты ынтымақтастықта Қытайдың маңызын айтарлықтай күштейтуге бағытталған белгілі баламалы жоба болып табылады [4].

Көптеген қытайлық сарапшылар пікірінде жобаны іске асырудагы барлық негізгі артықшылықтар мен проблемалардан басқа ЖЖЭБ пайда болуы ҚХР басшылығының Шанхай Үнтымақтастық Ұйымының (ШЫҰ) «тиімсіз және сөзсіз» [5] деген наразылығымен байланысты деген пікір бар. Қытай тарапы «тиімсіз» және «сөзсіз емес» деп пайымдай отырып, ШЫҰ Банкін және үйым шенберінде еркін сауда аймағын (ЕСА) құру туралы шешімдердің созылуын білдіреді. Бұл тұрғыда ҚХР сарапшылары атап өткендей, «Жібек жолының экономикалық белдеуін» құру – Қытайдың даму стратегиясын жүзеге асыруға, ШЫҰ аясында экономикалық ықпалдасуға көмектеседі, Қытайға және одан әрі нарықтарға қолжетімділікті кеңейтуге көмектесетін стратегия болып табылады.

ЖЖЭБ тұжырымдамасы ҚХР сыртқы экономикалық стратегиясына құшті әсер етеді. Егер бұрын Қытай өнірдегі өз қызметін жекелеген, басым инфрақұрылымдық жобаларда және коммуникациялардың жекелеген участеклерінде нақты дамытатын болса, бүтінде ҚХР-ның аймақтағы саясаты жүйелі стратегиялық және кешенді тәсілді пайдаланады. Бірақ, іс жүзінде бұдан бұрын да, ең алдымен, қытай тауарларын, қызметтер мен капиталдарды Орталық Азия мемлекеттеріне, Ресейге, Таяу және Орта Шығыс мемлекеттеріне, сондай-ақ Еуропаға жылжыту үшін негұрлым қолайлыша жағдай жасау туралы айтылып келген болатын.

«Бір белдеу–бір жол» жобасын қаржылай қолдауға келетін болсақ, қазіргі уақытта Қытай Екі институтты — Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкін (АИИБ) және Жібек жолы қорын (ЖЖҚ) құруды аяқтады. Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкін (АИИБ) құру идеясын ҚХР төрағасы Си Цзиньпин Азия-Тынық мұхиты өніріндегі қаржылық өзара іс-қимылды ынталандыру, инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру, сондай-ақ интеграциялық процестерді кеңейту мақсатында 2013 жылғы қазанда ұсынған болатын. 2014 жылдың қазан айында Бейжінде 22 ел өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды. 2015 жылғы маусымда АИИБ құру туралы келісімге қол қойылды. Салым көлемі бойынша ең ірі бестік қатарын Қытай, Үндістан, Ресей, Германия және Корея Республикасы құрады. Қазіргі уақытта құрылтайшы елдер саны 57-ге жетті, банктің штаб-пәтері Бейжінде орналасқан.

Жібек жолы қоры 2014 жылдың желтоқсанында Бейжінде тіркелді. Жалпы капитал 40 млрд. Алайда оның қалыптасуы бірнеше кезеңге созылды. Бүтінгі таңда ЖЖҚ қоры 10 млрд долларға жетті. ҚХР алтын-валюта резервтерінен (65%), Қытай инвестициялық корпорациясынан (15%), Қытайдың экспорттық-импорттық банкінен (15%) және Қытайдың мемлекеттік даму банкінен (5%) бөлінген.

Ұйым қызметінің негізгі міндеті ретінде «Жібек жолының экономикалық белдеуі» және «Теңіз Жібек жолы» бойында орналасқан елдерде ірі ауқымды жобаларды инвестициялау ұсынған. Қаражат инфрақұрылымға, пайдалы қазбалардың кен орындарын игеруге, сондай-ақ Қытай жогары технология өнімдерін өткізуі қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс.

ЖЖЭБ-нің инфрақұрылымдық-көліктік құрамдас бөлігі бүтінде ҚХР-ның әріптес елдермен өзара іс-қимылдының барынша жанданып келе жатқан саласын білдіреді. Бұл бағытта белгілі бір нәтижелерге қол жеткізілді. Теміржол қатынасы бойынша ЖЖЭБ оңтүстік бағыты арқылы Қытай жүк пойызын Чжэцзян провинциясынан (Шығыс Қытай) Тегеран (Иран) қаласы арқылы жіберген. Жүк пойызы 19 күнде 10,4 мың шақырымды багындырды. ҚХР Иранды Қытайдан Еуропаға жүк жеткізу жолындағы негізгі пункттерінің бірі ретінде қарастырады.

Орталық Азия мен Ресей аумағында ЖЖЭБ жобасын жүзеге асыруға келетін болсақ, сарапшылардың пайымдауынша, Қытай келесі қагидаттарды ұстануы қажет:

- Ресеймен белсенді дипломатиялық диалог пен берік қарым-қатынасты қолдау;

- Орталық Азия елдерімен экономикалық ынтымақтастықты нығайту, гуманитарлық байланыстарды кеңейту;

- бүтінде халықаралық үлкен әсері бар қуатты өнірлік үйым болып табылатын ШЫҰ базасын және оның шенберінде ЖЖЭБ жобасын іске асыру үшін көпжақты тетіктерді пайдалану [6].

Қытай зерттеушілері қазіргі кезеңде ЖЖЭБ жобасын іске асыру мемлекеттік егемендікті ішінара шектеу, ұлттық мұдделерді және саяси жүйенің ерекшеліктерін қамтамасыз ету мәселелерімен бетпебет келеді деп санайды. Сондықтан да олар ЖЖЭБ-ны қалыптастыру – ұзақ әрі құрделі үдеріс, сондықтан да Қытай тауар айналымы мен инвестициялар жүйесін оңайлатуға, ғылыми-технологияны нығайтуға және Орталық Азия елдерімен еркін сауда аймағын құруға бағытталған келесі шараларға баса назар аударуы тиіс деп ойлады:

– ұлттық және аймақтық даму стратегиясын үйлестіру, ішкі және халықаралық дамуда ортақтық іздеу;

- Шыңжан - Ұйғыр автономиялық ауданының ҚХР үшін де, Орталық Азия аймағы үшін де экономикалық дамуын жеделдету;

- ЖЖЭБ жобасын іске асыру барысында негізгі орын алатын Ресеймен байланысты нығайту;

- өзара іс-қимылдың негізгі салаларының бірі болып табылатын энергетика саласындағы ынтымақтастық.

Орталық Азия кеңістігінде ЖЖЭБ бастамасын іске асыру перспективаларын талдау және жалпы өнірдегі көпжақты өзара іс-қимыл контекстінде Қазақстанның ғылыми қауымдастырының сараптамалық бағалаулары үлкен қызығушылық тудырады. Зерттеушілер ЖЖЭБ жобасын Қытайдың шекаралас елдерге (ен алдымен Орталық Азияға) бағытталған жаңа геосаяси тұжырымдамасының маңызды құрамдас болігі ретінде қарастырады. Қазақстан зерттеушілерінің ойынша, осы тұжырымдамасын негізінде «ЖЖЭБ өтетін елдердің өнеркәсіптік әлеуетін дамытуға қамкорлық емес, ең алдымен Қытайдың батыс өнірлерінің қарқынды дамуы және оларды көлік-логистикалық, сыртқы экономикалық, ал болашақта Орталық Азияның қаржы орталығына айналдыру» жатыр. Сондай-ақ, ҚХР экономиканы инвестициялау бойынша мүмкіндігінен басқа, маңызды мәдени айырмашылықтарға байланысты топтастыруши идея тұрғысынан аймақ мемлекеттеріне ешнэрсе ұсынбайды. Мұндай пікірлер орталықазиялық сарапшылар арасында жиі кездеседі.

Жалпы алғанда, Қытай ұсынған тұжырымдама – перспективалы жоба, бірақ ҚХР-ның өнірлерді дамытудағы ұлттық мұддесі туралы да ұмытпаганымыз жөн. ЖЖЭБ едәуір бөлігі ҚХР-ның Батыс провинциялары арқылы өтеді.

Ресей және қытай ғалымдары Еуразиялық экономикалық одақ пен ЖЖЭБ-ның түйісу идеологиясын ұзақ мерзімді және стратегиялық маңызды ретінде бағалайды, қазіргі бірлескен екіжақты жобаларды Ресей мен Қытайдың ұзақ мерзімді мұдделерді үйлестіруге және бірыңғай экономикалық кеңістік салуға ортақ ұмтылысының басты нүктесі ретінде қарастырады.

Қазіргі уақытта ЖЖЭБ көлік маршруттарын дамыту Қыыр Шығыстағы Транссібір мен Байкал-Амур магистралының шығыс бөлігінің жобасына тікелей тартуды көзdemейді, бірақ Қытай осы аймаққа ЖЖЭБ кеңейтуді талқылауға дайын. Бұл үшін Қыыр Шығыстың инвестиациялық тартымдылығын арттыру, сондай-ақ жұқ көлік желілерін жаңғырту, артық жұқ тарифтерін төмендету, жүктөрді кедендейтірді жөндейті, тауар құрамдарының жылдамдығын арттыру маңызды. Мұны Қытай тарапымен ортақ көлік жүйесін құру арқылы жүзеге асыруға болады, оның шеңберінде Транссібір мен Байкал-Амур магистралын жаңғырту жүргізіледі [7].

Басты құш-жігерді сауда-инвестициялық өзара іс-қимылды, екіжақты сауданы, өнірлік көлік-логистикалық жүйені дамыту мен жетілдіруге, сондай-ақ бірлескен жобаларды, оның ішінде экономикалық ынтымақтастықтың траншекаралық аймақтарын іске асыру үшін инфрақұрылым құруға шоғырландырған жөн. Мысалы, ЖЖЭБ жобасына біріктірілген Қытай «Ресей және Орталық Азия елдерімен мұнай-газ саласындағы өзара іс-қимыл жоспарын» жүзеге асыру экономикалық және саяси жағынан Еуропалық экономикалық одаққа мүше елдер мен Қытайға да тиімді.

Еуропалық экономикалық одақ пен ЖЖЭБ арасындағы өзара іс-қимыл перспективаларын ашатын өзекті бағыт азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты бірлескен жобалар болып табылады. Бұл жобаларды жүзеге асыру үшін тиісті табиғи жағдайлар да, ғылыми база да бар. Нәк осы ауыл шаруашылығы өндірісі мен ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу саласында Орталық Азия мемлекеттері экономиканың нақты және бәсекеге қабілетті секторын дамыту міндетін іске асыра алады [8].

Сондай-ақ ЕЭО пен ЖЖЭБ арасында ынтымақтастықты кеңейтуге мүмкіндік беретін тағы бір бағыт – Ресей мен Орталық Азия өніріндегі ірі су және экологиялық жобалар. Бұдан басқа, дәл осы экология саласында ғылыми-техникалық ынтымақтастық тетігін құру және өндіріске ғылыми-техникалық жетістіктерді енгізу үшін перспективалар ашылуда.

Осылайша, Жібек жолы – әлемдік аренада маңызды рөл атқаратын күшті, тұрақты, дамушы Қытайдың символы. Сондықтан Жібек жолын жаңғырту – бұл қытай ұлтының қайта жаңғыруының бір бөлігі, демек, «Қытай арманының» бір бөлігі саналады.

Қазіргі уақытта ҚХР-нан тыс жерде «Қытай арманының» тұжырымдамасы Африка мен Латын Америкасының бірқатар елдерінде белсенді енгізілуде, «Бір белдеу - бір жол» бастамасын іске асыру тұжырымдаманы Еуразия құрлығында да таратуға мүмкіндік береді. Қытай үкіметінің мәлімдемесіне сәйкес, «Бір белдеу - бір жол» «Қытай арманы» сияқты максаттарды қөздейді: өзара тиімді ынтымақтастық, дауларды бейбіт жолмен шешу, елдер арасындағы әріптестік, үйлесімді қатынастарды дамыту негізінде Азиядағы жан-жақты және тұрақты Қауіпсіздікке жәрдемдесу.

Елдер арасындағы мәдени алмасуларды дамыту, бұл өз кезегінде түрлі өркениеттердің бірлескен дамуына ықпал ететін болады. «Бір белдеу - бір жол» бастамасының негізгі қағидаттары өзара пайда, бірлесіп даму және жобаны іске асыру шегіндегі елді мекендейтін барлық халықтардың мұдделерін сақтау деп аталады.

Болжамдарға сәйкес, 2025 жылға қарай Қытай мен жаңа Жібек жолының белдеуі бойында орналасқан елдер арасындағы сауданың жылдық көлемі \$ 2,5 трлн құрайды, бұл әрбір ел үшін өте маңызды. Сондықтан Қытай бүкіл әлемде өзінің серіктестік қатынастарын, сондай-ақ Орталық Азиядағы әскери және қауіпсіздік жөніндегі жобаларды дамытуға ұмтылады. Бейжің лаңкестікке қарсы, сондай-ақ есірткіге қарсы шараларды қабылдауды, бүкіл аймақ аумағында қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында Ауғанстанда және Пәкістанда тұрақсыздық қаупін төмендетіп, Шыңжанда қауіпсіздікті қамтамасыз етуді жалғастырады.

Қазіргі уақытта қандай позиция шындыққа сәйкес келетінін айту қын. Тек бастаманы жүзеге асыру барысындаған, ондағы «Қытай арманының» орнының бар-жоғына көз жеткізуге болады.

Елдің экономикалық әл-ауқаттылыққа қол жеткізуден көшбасшылық позицияларды жеңіп алуға көшүйнен сәйкес келетін сыртқы саясаттағы ҚХР-ның негізгі ұлттық мұдделері ретінде мыналарды атауга болады:

- елдің есіп келе жатқан ұлттық қуатына сәйкес келетін негұрлым белсенді сыртқы саясат;
- Қытайдың барлық көріністерінде әлемдік саясаттың белсенді қатысуышы ретінде рөлін арттыру;
- Қытайдың экономикалық жобалар, бітімгершілік пен әскери базалар түрінде тікелей қатысуын көңейту;
- ЖЖЭБ құру арқылы институттар мен түрлі форматты әріптестік құру тәжірибесін алу;
- ЖЖЭБ жүріп өтетін елдермен (Орталық, Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Азия багыты бойынша) берік әріптестік байланыстар орнату үшін артық құрылыш қуаттарының экспортын пайдалану);
- АҚШ-пен қарым-қатынастардың жаңа түрін белгілеу. Сауда айналымын сақтай отырып, АҚШ - пен шектелген конфронтация мүмкіндігін жіберу.

«Қытай арманы» халықаралық сахнада «біріншіден, Қытайдың басқа елдермен ынтымақтастық құруына негіз болатын тұжырымдама ретінде және екіншіден, басқа елдер үшін Қытайдың дамуын өзінің игілігі үшін пайдалануға мүмкіндік ретінде» қолданылады. Алайда, қазіргі күнге дейін «Қытай арманы» тұжырымдамасы нақты формальды шенберден артық немесе кем емес. Осы себепті бүгінгі күні оның дербес мәні бар ма немесе қандай да бір нысанда ҚХР-ның жаңа сыртқы саяси тұғырнамасына интеграцияланатын болады ма, түсініксіз. Іс жүзінде, «Қытай арманы» Қытай көшбасшылары жағдайға байланысты қытай қоғамының түрлі топтарына немесе сыртқы әлемге бет бұра отырып әрекет ететін Ұлттық құралға айналады [9].

ҚХР-ға өз гегемониясын орнатуға ұмтылуда деп ара-тұра айып тағатын әлемдік қауымдастықты тыныштандыру мақсатында елдің саяси көшбасшылары Қытайдың бейбітшілік сүйетін ел екендігін үнемі атап отырады. Айталық, 2013 жылғы 28 қаңтарда өткен ҚКП ОК Саяси Бюро мүшелерінің отырысында төраға Си Цзиньпин: «қытай ұлты – бейбітшілік сүйгіш. Жаңа кезеңнен бастап соғыстарды жою және бейбітшілікті орнату қытай халқының ең терең тілегі болады», - деп айтЫП өтті [10].

Әлеммен «Қытай арманын» орындау табыстылығы екі факторға байланысты: біріншіден, Қытай әлемнің мүмкіндіктерін өз мүмкіндіктерімен атқара ала ма, ал Қытайдың мүмкіндігі бүкіл әлем үшін мүмкіндік жасай ала ма? Екіншіден, басқа елдердің «Қытай арманына» қарым-қатынасына байланысты: олар оны сеніммен және түсіністікпен немесе күмәнмен қарсы алады, немесе оны қолдайды.

Реформаларды тереңдетуге басшылық ету жөніндегі орталық басқару тобында Си Цзиньпиннің «қытай арманының» көрінісін сипаттайтын және «жаңа норма» деп аталатын тұжырымдамасы макұлданды. Бұл термин алғаш 2014 жылдың мамыр айында пайдаланылды.

Си Цзиньпиннің сөйлеуі, баспасөздегі түсініктемелер, түрлі пікірлер «жаңа норманың» мәнін көрсетеді. Тұжырымдама бойынша экономикалық салада капитал салымдарының тиімділігін арттыру және энергия сиындылығын азайту басталды. Сыртқы нарықтарға шетелдік инвестицияларды тарту аяқталады. Ишкі нарықтың сұраныстарын қанагаттандыру, қала мен ауыл халқының өмір сұру жағдайы жақсарады.

Қытайлық ғылым жетістіктеріне негізделген сапалы және бәсекеге қабілетті тауарларды өндіру, дербес қаржы жүйесін құру және Қытайдың сауда мұдделерін қамтамасыз ету уақыты басталады.

«Жаңа норманың» стратегиясын ұсынғаннан кейін оның халықаралық қаржы саласындағы іске асырылуы, Қытай ұлттық валютасы - юаньның әлемдік қаржы нарығынан шығуы байқалады. Нәтижесінде 2015 жылы юань әлемдегі көлемі жағынан екінші сауда қаржыландыру валютасы болды. Қытай 33 елмен банк-валюталық келісімге қол қойған.

Стратегиялық тұжырымдамалар «бір белдеу-бір жол», «жаңа норма» - «қытай арманының» ауқымды бөлігі болып табылады. Осы ұзақ мерзімді стратегиялық бағдарламаның арқасында Қытай ұлты өз жоспары бойынша дамитындығына күмән келтірмейді.

«Қытай арманының» таралуының бір құралы – қытай мәдениеті. Қазіргі уақытта қытай мәдениеті өнімдерінің халықаралық бәсекеге қабілеттілігін көтеру көзделуде. 2010 жылы қытай мәдениетінің «жұмсақ құшін» зерттеу және игеру орталығы зерттеу жүргізді, ол бойынша әлемдік мәдени нарықта АҚШ 43%, ЕО-34%, ал Қытай бар болғаны 4% иеленетіндігін [11].

Сонымен катар, қытай үкіметі Батыс бұқаралық мәдениетінің Қытай халқына тигізетін әсерінің Қытай мәдениетінің батыс елдері тұрғындарына көрсететін әсерден асып түсітінін мойындайды. Қытай мәдениетінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында «қытай мәдениетінің сыртқы әлемге шығуы» саясаты жарияланды. Ол басқа елдермен мәдени алмасу және ынтымақтастық арқылы қытай тілі және мәдениетімен таныстыруды көздейді. КХР-дан тыс «Қытай арманының» таралу үдерісінде Африка мен Латын Америкасының дамушы елдеріне ерекше назар аударылады. Себебі осы мемлекеттердің қолдауымен «Қытай арманың» жүзеге асыруға мүмкіндік көп. Бұл жерде КХР-мен көршілес жатқан Орталық Азия мемлекеттерін де естен шығармау керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Выступление председателя КНР Си Цзиньпина в Назарбаев Университете // Газета "Жэнъминь жибао" онлайн. 7 сентября, 2013. URL: <http://russian.people.com.cn/95197/8392674.html>
2. Прекрасные перспективы и практические действия по совместному созданию "Экономического пояса Шёлкового пути" и "Морского Шёлкового пути XXI века". Издано с санкции Госсовета КНР. Пекин: Март, 2015. Изд.литературы на иностранных языках. 6-7 -б.
3. Ван Шучунь, Вань Цинсун. Проекты "Экономический пояс Шёлкового пути" и ЕАЭС: конкуренты или партнеры? // Обозреватель. 10/2014. 58-59 -б.
4. Лю Бо. Соглашение о Транстихоокеанском партнерстве и контрмеры Китая // Проблемы Дальнего Востока. № 6, 2014. 63-б.
5. Чэн Хунцзэ. "Экономический пояс Шёлкового пути" и "Морской Шёлковый путь XXI века" с точки зрения экспертов КНР. URL: <http://oaji.net/articles/2015/245-1439538260.pdf>. 2015.
6. Сайт Фонда Шёлкового пути. URL: <http://www.silkroadfund.com.cn/cnweb/19854/19858/index.html>
7. Кокарев К.А. О российско-китайском сотрудничестве в реализации трансконтинентальных проектов // Сайт РИСИ. 5 февраля, 2016. URL: <http://riss.ru/analytics/26249>
8. Экономический пояс Шёлкового пути откроет новые возможности для Казахстана // Сайт Службы Центральных Коммуникаций при Президенте РК. 18 июля, 2015. URL: <http://ortcom.kz/ru/news/ekonomicheskiy-poyas-shelkovogorutti-otkroet-novye-vozmojnosti-dlya-kazahstana-ekspert.6838>
9. Михневич С.В. Мудрец помогает Поднебесной: развитие сети Институтов Конфуция как инструмент реализации политики «мягкой силы» КНР в Большой Восточной Азии // Вестник международных организаций. № 1. Режим доступа: <https://iorj.hse.ru/2015-10-1/147908972.html>
10. Михеев В.В., Швыдко В.Г. (ред.) Транстихоокеанская безопасность: иерархия силы и ответственности. М.: ИМЭМО РАН, 2016. 129-б.
11. Китайская мечта и мир / под ред. Хуан Хуагуана и Луань Цзянъчжанана. – Пекин: Издательство литературы на иностранных языках, 2014. 194-б.